

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 256 (9318)

1953

жылғы

30

декабрь

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Оқушылардың қысқы каникулы

Мектептерде оқу жылының алғашқы тобысы аяқталып, 1 январьда оқушылардың қысқы каникулы басталады. Қысқы каникул оқушылардың өміріндегі қызықты кезең болып табылады. Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың мектеп оқушылары мен пионерлері өздерінің қысқы демалысын көңілді және қызықты өткізетін болады. Жаңа жылдың көшінде қаладағы барлық мектептердің, клубтардың, Пионерлер үйінің залдарында әсем безендірілген жаңа жыл шыршаларының түрлі-түсті шамдары жанады.

Біздің елімізде жас ұрпақтардың оқып білім алуымен бірге, олардың оқудан бос уақыттарында дем алуына, өздерінің дем алыстарын көңілді, әрі қызықты өткізугіне қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мұның өзі Коммунистік партия мен Совет Үкметінің біздің болашағымыз — жас ұрпақтарды білімді, мәдениетті, шыныққан, батыл етіп тәрбиелеуге күнбе-күн көңіл бөліп, аталық қамқорлық жасап отыруының айқын айғағы болып табылады.

Өткен жылдар сыяқты, жаңа — 1954 жылда, жаңа табыстар мен шаттықтар жылында оқушылардың қысқы каникулын көңілді өткізу жөнінде облысымыздың комсомол, кәсіподақ ұйымдары ерте бастан бірқатар дайындық жұмыстарын жүргізді. ҚКЖО Орталық Комитетінің мектеп оқушылары мен пионерлерінің қысқы каникулына әзірленуге және оны өткізуге комсомол ұйымдарының қатысуы туралы қаулысына байланысты облыстық комсомол комитеті оқушылардың қысқы каникулын өткізудің жоспарын жасады. Бұл жоспарда облыс көлемінде мектеп оқушылары мен пионерлер арасында қысқы каникул кезінде жүргізілетін мәдени және тәрбие жұмыстары қарастырылды. Сол сыяқты, әрбір мектепте қысқы каникулды өткізудің жоспары жасалды.

Быйыл облыстық кәсіподақ Советі мектеп оқушыларының қысқы каникулында жүргізілетін шараларға 20 мың сом қаржы бөлді. Кәсіпорындары мен мекемелердің клубтары, кітапханалар, оқу үйлері, музейлер бұл күндері оқушылар үшін қызмет етеді. Облыс бойынша қысқы каникул кезінде барлығы 54 кітапхана оқушылардың қарамағында болады. Қалада 1—2 январь күндері өткізілетін жаңа жылдық таңертеңгіліктерге 60 мыңға

спорт қоғамдарының қызметкерлері мен мектеп коллективтерінің, комсомол ұйымдарының каникул күндерінде оқушылардың бос уақыттарын дұрыс өткізуді ұйымдастыра білулеріне байланысты болатындығы сөзсіз.

Жастарымыздың спортқа деген ынтасы күшті. Қысқы каникул олардың спортпен шұғылдануы үшін өте-өте қолайлы кезең. Сондықтан каникул кезінде стадиондар мен мұз алаңдары, шаңғы, каток базалары оқушылардың тілегіне сай жұмыс істейтін болуға тиіс.

Оқушылардың ғылымға, техникаға, әдебиетке, искусствоға деген құштарлығын ескере отырып, каникул кезінде оларға тәрбиелік маңызы бар кинофильмдердің жиі-жиі көрсетілуін қамтамасыз ету, ұйымдасқан түрде көркем әдебиет кітаптарын оқуды, кәсіпорындарына, музейге, экскурсияларға баруын ұйымдастыру қажет.

Жоғарыда мектептер қысқы каникулды өткізудің жоспарын жасады дедік. Бұл әрине, өте жақсы іс. Бірақ, мектеп коллективтері, комсомол ұйымдары жоспар жасаумен ғана тынбай, онда қарастырылған шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етулері керек. Оқушылардың қысқы каникулын өткізу ісінде формальдылыққа жол берілмейтін болсын. Мектеп қысқы каникулды әрі пайдалы, әрі көңілді өткізу жөнінде жүргізілетін жұмыстардың орталығы болуға тиіс.

Облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері ҚКЖО Орталық Комитетінің мектеп оқушылары мен пионерлердің қысқы каникулына әзірленуге және оны өткізуге комсомол ұйымдарының қатысуы туралы қаулысын іс жүзінде орындай отырып, облыс комсомол ұйымының оқушылардың каникулын қызықты өткізу ісіне белсене араласуын қамтамасыз етулері керек.

Мектеп оқушыларының каникулын өткізу мәселесінен партия ұйымдары да тыс қалмауға тиіс. Өйткені, жас ұрпақтарға тәрбие беру мектеп партия ұйымдарының күнбе-күн көңіл бөліп отыратын мәселелерінің бірі болып саналады. Олай болса, партия ұйымдары мектеп оқушыларының қысқы каникулының қалай өтіп жатқанын бақылап, бұл іске басшылық жасап отырулары керек.

Каникул күндерінде класс жетекшілеріне көп жұмыстар жүктелетіні олар аз



28 декабрьден бастап колхоз, совхоздардың картоп, овощ өсірушілерінің облыстық семинар-кеңесі етуде. Семинар-кеңеске келген МТС-тер мен совхоздардың директорлары, бас агрономдары мен инженерлері, колхоз председателдері, картоп және овощ өсіруші бригадалардың бригадирлері картоп пен овощ дақылдарын, жемшөптік тамыржеміс дақылдарын, жүгеріні және күнбағысты өсірудің жаңа прогрессивтік әдісі — шаршы-ұялап отырғызу, овощтың көшеттерін шымтезекшірінді құмыраларында өсіру әдісін өндіріске кеңінен енгізу жөнінде баяндамалар тыңдап, бұл дақылдарды өсірудегі тәжірибелерін ортаға салуда.

Сонымен бірге, семинар-кеңеске қатысушылар колхоздар мен совхоздарда картопты, овощ дақылдарын, жемшөптік тамыржеміс дақылдарын келесі жылы шаршы-ұялап отырғызу әдісімен егуге әзірліктің, бұл жұмыстарды механикаландырудың барысын талқылап, істе орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған бағалы ұсыныстар енгізуде.

Семинар-кеңестің жұмысына қатысқан астық шаруашылығының Сибирьдегі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Катин-Ярцев жолдас картоп пен овощ дақылдарын шаршы-ұялап және шаршылап отырғызып егу әдісі туралы лекция оқыды.

СУРЕТТЕ: картоп, овощ өсірушілердің облыстық семинар-кеңесіне қатысушылардың бір тобы. Солдан оңға қарай (отырғандар): Л. В. Катин-Ярцев — Сибирьдің астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының картоп шаруашылығы лабораториясының меңгерушісі, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты, Е. Бәукенов — Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председателі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, М. Чуваленская — Соколов ауданы, Ленин атындағы колхоздың звено бастығы, (тұрғандар): Я. Сейітуллин — Торангүл совхозының директоры, Б. Дворецкий — Мамлют совхозының директоры және Т. Прокопьева — Петропавл ауданы, «Красный пахарь» колхозының агрономы.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жемісті еңбек пен ұлы табыстар жылы болған 1953 жыл аяқталып келеді.

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

Малдың қысқы күтімі зоотехникалық ережелерге сай болсын

Сауыншы Пелагея Доцкованың табысы

Бұл әйелдің сырт тұлғасының өзі-ақ еңбекпен шыныққан адамның бейнесін сыйпаттағандай. Оның солтүстіктің суығына шынығып тотыққан жүзі, отты көздері, шағындау келген дене бітісі ерекше жарасымды көрініп тұр. Айтып отырғанымыз Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншысы Пелагея Доцкова жолдас.

Совхоз адамдарынан «еңбекте жақсы табыстарға жетіп жүрген адамдарыңыз кім?» деп сұрай қалсаңыз, ең алдымен Доцкованың есімін атайды. Шынында да, озат сауыншы мақтауға тұрарлықтай. Өйткені, ол сауын сыйырлардан сүт алудың жоспарын жыл сайын асыра орындап келеді. Быйылғы жылы да қарамағындағы әрбір сыйырдан 3995 литр сүт сауып, совхоз коллективінің құрметіне бөленді.

Бізбен әңгімелескенде ол сөзге тым сараңдау екенін аңғартты.

— Бұл табысқа қалайша ие болдыңыз демексіздер ғой. Оның ешқандай жасырын сыры жоқ, — деді ол. — Мәселе әр адамның өз жұмысын сүйіп істеуінде. Мен сауыншылық міндетімді ойдағыдай атқаруға бар ынта-жігеріммен кірісемін. Жұмыс күні тәртібін әрқашан да ұқып-

тылықпен сақтаймын. Азық сауын сыйырларға зоотехник күнібұрын жасаған рацион бойынша әзірленеді. Сыйырларға жеміш берілмей тұрып ұнтақталып, буландырылып, араластырылады. Бұл сыйырлардың азықты сүйсіне жеуіне себепші болады.

Сонымен қатар, алынған сүттің жоғары сапада болуына да жете назар аударамын. Ол үшін сыйырлардың желініне ыстық компрестер қоюдың жаңа әдістері қолданылады. Фермадағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көпшілігін механикаландырылуы да істің ойдағыдай болуына әсерін тигізуде. Мен зоотехникалық курске үзбей қатысып, теориялық мәселелерді өндірістен байланыстырып, өз шеберлігімді күннен-күнге арттыра беремін.

Доцкова жолдас Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сентябрь Пленумының елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көптеп беру туралы қаулысын іс жүзінде асыру үшін белсенділікпен күрес жүргізуде. Бұл күндері озат сауыншы өндіріске ғылым табыстары мен озат тәжірибені шеберлікпен қолданып жүр.

Ғ. ШАЛҚАРОВ.

Сыйырдан сүтті мол алу үшін

«Новый путь» колхозының мал өсірушілері қысқы маусымда сыйырлардың сүт өнімділігін арттыру және сүттің товарлылығын шығымдылығын молайту үшін оларды күтіп бағуды, азықтандыруды ойдағыдай жүргізіп келеді. Мұнда сауын сыйырлар, жылы, жайлы қораларда күтіліп, құнарлы және күнібұрын әзірленген ірі сабақты жемшөппен азықтандырылады.

Фермада, әсіресе, сыйырларға сабанды нәрлендіріп беру кеңінен қолданылады. Бұл үшін әрқайсысының сыйымдылығы 500 литрлік 6 күбі ыдысы пайдаланылады. Күбі ыдыстарына туралған сабан толтырыла салынып, ыстық сумен жұмсартылады. Содан кейін тұздалады және ун, немесе, жарма араластырылады. Осылай нәрлендірілген сабан 11—12 сағаттан кейін сыйырларға беріледі. Нәрлендірілген

Мұнымен бірге, әрбір сауын сыйырларға сауыншылармен бірлесіп отырып, Образцовый МТС-нің зоотехнигі Лепёхина жолдас жасаған азықтандыру рационы бойынша тәулігіне 14 килограмм пішен, үш килограмм концентрат беріледі.

Сыйырларды күту, азықтандыру жұмыстарын тәжірибелі сауыншылар А. Игнешева, Э. Шилина, П. Кретьнина жолдас-тар атқарады. Олар сыйырларды күту, азықтандыру, суару және сауу жөніндегі тәуліктік жұмыс тәртібін қатаң сақтайды. Мұның бәрі өзінің игі нәтижесін беруде. Қазір әрбір сауын сыйырлардан тәуліктік алынатын сүт өткен жылдың осы уақытындағы алынған сүт мөлшерінен екі есе артық болып отыр. Сүттің майлылығы да артуда.

В. ВОЛОЩИН.

балаларға арнап қар таулары жабдықталды.

Қысқы каникул кезінде Пионерлер үйі оқушылар үшін әдеби таңертеңгілік, Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығына арналған әңгімелер өткізуді, концерттер беруді, отряд вожатыйларының кешін өткізуді, мектеп оқушыларының өнеркәсіп озаттарымен кездесуін ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Оқушылар каникул күндерінде кәсіпорындарына экскурсияларға барады. «Пионерская правда» газетінің бөйгесін алу үшін өткізілетін мектепаралық шаңғы жарыстарына қатысады, ұйымдасқан түрде коньки тебуге, кинофильмдер көруге барады.

Қала оқушылары сыяқты ауыл-село-лық мектептердің оқушыларын да алда ұмықты істер күтуде. Мәселен, Петропавл ауданындағы Асанов және Петерфельд мектептерінде кітап оқушылар конференциясы, Ново-Камен, Бескөл және Жамбыл атындағы мектептерде көркем-өнер кештері, Ново-Камен және Архангель мектептерінде шахмат турнирі өткізіледі. Облысымыздың басқа аудандарында да оқушылардың қысқы каникулы қызықты өткізілетін болады.

Оқушылардың қысқы каникулының мерзімі өте қысқа. Демек, сол аз мерзімнің өзін оқушыларға әсерлі, көңілді, қызықты және мазмұнды етіп өткізу, бұл үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалу қажет. Бұл әрине, ең алдымен клубтардың, оқу үйлерінің, кітапханалардың, қызыл мүйіздер мен кино-театрлардың, ерікті

класстарының оқушыларының бос уақыттарын қалай өткізетіндіктерін біліп, оларды ұйымдасқан түрде киноларға, театрларға, музейлерге алып баруда пионер вожатыйларына көмектесіп отыруға тиіс. Каникул кезінде бірде-бір оқушының мезгілсіз өз бетімен қыдырып жүруіне, балалар үшін пайдасыз істермен шұғылдануына жол берілмейтін болсын.

Қысқы каникул күндерінде ауыл-село-лық мектептердің оқушыларының дем алысын дұрыс ұйымдастыруға жете көңіл болу қажет. Мүмкіндігіне қарай оқушыларды МТС-терге, колхоздардың мал фермаларына экскурсияларға апару керек. Сондай-ақ аудандық мәдениет бөлімдерінің басшылары жылжымалы кинолардың каникул кезінде оқушыларды кинофильмдермен тыңғылықты қамтып отыруын қамтамасыз етуге міндетті. Мектеп іргесіндегі алаңға мұз төбешіктерін, катоктар қатырып, коньки тебуді, шаңғы тебуді ұйымдастырудың да оқушылардың таза ауада жақсы тынығуына пайдасы зор. Мектеп комсомол ұйымдары қысқы каникул кезінде ауыл-село мектептері оқушылары арасында жүргізілетін осы сыяқты денсаулыққа пайдалы шараларды ұйымдастырудың инициаторлары болуға тиіс.

Оқушылардың қысқы каникулын ойдағыдай өткізу үшін барлық мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, жасөспірімдеріміздің жақсы тынығуына жағдай туғызайық. Сөйтіп, олардың оқу жылының екінші жартысына жаңа күш, жаңа жігермен келіп, сабақты «4» пен «5» ке оқуын қамтамасыз етейік.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына

Қазақстанның астанасы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына зор мереке ретінде әзірленуде.

Астананың А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасында осы даңқты күнге арналған үлкен кітап-сурет көрмесі ашылды. Көрменің стендтерінде — кітаптар, журналдар, кітапшалар, бейнелеу суреттері, суретшілердің картиналарына жасалған көшірмелер қойылған.

Кітап-сурет көрмесінде: «Украин халқының шетелдік езушілікке қарсы қатты күресі. Украинаның Россиямен қайта қосылуы және оның прогрестік маңызы», «Украин және орыс халықтарының Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі үшін бірлесіп жүргізілген күресі», «Украина социалистік құрылыс жылдарында», «ССРО халықтарының Ұлы Отан соғысы жылдарында Украинаның азат ету жолындағы күресі», «Бүкіл украин жерінің Украинаның біртұтас Советтік социалистік мемлекетіне қайта қосылуы», «Украинаның

ұлы табыстары — бүкіл совет халқының мақтанышы», «СОКП—Отанымыздың халықтарының мызғымас достығының дем берушісі және ұйымдастырушысы» деген бөлімдер бар.

Көрмеде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Украина туралы шығармалары, Украинаның тарихына арналған материалдары бар. «ССРО Ғылым академиясының тарихи жазбалары», «Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және Украинада совет өкметінің орнауы», «1918 жылы Украинада герман оккупанттарын талқандау жайындағы документтер» деген жыйнақтар және басқа документтер, Н. Рыбактың «Переяслав Радасы», К. Осиповтың «Богдан Хмельницкий» деген кітаптары, Л. Дмитренконың «Мәңгі біргеміз» деген пьесасы, А. Корнейчуктың пьесалары, Украинаның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы озаттарының портреттері, украин жазушыларының қазақ тіліне аударылған шығармалары қойылған.

(ҚазТАГ).

Қалалық XIX партия конференциясы делегаттарының есіне

Петропавл қалалық XIX партия конференциясы облыстық драма театры үйінде, 1954 жылғы 2 январьда, күндізгі сағат 11-де ашылады.

ҚАЗАҚСТАН КП ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

Төзгісіз баяулық

Торангүл МТС-де (Октябрь ауданы) біткен тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды күзгі-қысқы жөндеуден өткізу жұмысы өте-мөте кеш—20 ноябрде басталды. Осыған қарамастан, МТС басшылары жөндеуші механизмдерді жұмысқа толық қатыстыру, олардың еңбек өнімділігін арттыру арқылы күндіз тапсырмалардың толық орындалуын қамтамасыз етуді нашар ұйымдастырып отыр.

Мұнда, ең алдымен, тораптардың бірқалыпты жұмыс істеуі үшін олар механизаторлармен толықтырылмаған. МТС мастер-қойында 34 торап бар. Оларда 48 адам жұмыс істейді. Ал, мұның өзі ол тораптардың бірқалыпты жұмыс істеуіне керекті механизаторлардың 50 проценті ғана.

Жөндеуші механизмдердің, тораптардың арасында өзара социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Үгіт жұмысы

бетімен жіберілген. Күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүрген П. Князов, В. Коршунов, И. Болясов жолдастар сыяқты еңбек озаттарының іс тәжірибелері басқаларға таратылмай жүр.

Келесі жылы колхоздармен жасасқан шартты МТС-тің толық және мерзімінде сапалы етіп орындап шығуы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының тез және сапалы жөндеуіне байланысты. Олай болса, Торангүл МТС-нің басшылары орын алып отырған кемшіліктерді іс үстінде шұғыл жойып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеуге барлық күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануды ұйымдастырулары керек.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

Көпшілік тұтынатын товарларды көптеп шығару—маңызды міндет

Партиямыз бен үкметіміз таяудағы екі-үш жылдың ішінде халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының молшылығын жасау міндетін қойып отыр. Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың өнеркәсіп орындарының коллективтері де көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайту, оның сапасын жақсарту, өзіндік құнын кеміту жолында аянбай еңбек етуде. Соның нәтижесінде халық тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарлары өндіруде үстіміздегі жылы елеулі табыстарға қол жетті.

Осы жылдың 11 айы ішінде өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда жалпы өнім шығару 9 процент арттырылды, өткен жылғы 11 аймен салыстырғанда 50 миллион сомның өнімі артық өндірілді. Ал, 1950 жылымен салыстырғанда 1953 жылы ет өнімдері—39 процент, май—22 процент, сыр—24 процент, ұн—32 процент, былғары аяқкиімдері—65 процент, тігулі киімдер—135 процент артық шығарылды.

Өнім шығаруды ұлғайтуда былғары заводының коллективті күрделі табыстарға ие болды. Халықтың тұтынуына жоғары сапалы бұйымдарды көп беру жолындағы күресті күшейте отырып, завод коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады, сонымен қатар, өнімнің сапасы да мықтап жақсарды. Осы жылдың өткен мерзімі ішінде мұнда өнімнің сорттылығы жоспардағыдан 2,5 процент арттырылды. Осындай кейбір қол жеткен табыстармен қатар, облыс өнеркәсіп орындарының, әсіресе, көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарының жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Көпшілік тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындары өнім шығару жоспарының ассортименті бойынша толық орындау жолындағы күресті нашар ұйымдастырып келеді. Сол сыяқты, өнімнің сапа

көрсеткіштері де бүгінгі талапқа жауап бермейді. Мұның ет-консерві комбинатына, тігін, аяқкиім фабрикаларына, май өндірісі тресіне, спирт комбинатына толық қатысы бар. Мысалы, ет-консерві комбинаты осы жылдың 11 айы ішінде 5 мың тонна етті, 300 тонна шұжықты жоспардан кем өндірді. Май өндірісі тресі (менгерушісі Кусакин жолдас) өнімнің негізгі түрлерінен жоспарды орындай алмай келеді. Мұнда 260 тонна май, 20 тоннадан астам сыр жоспардан кем өндірілді.

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы (директоры Ермолин жолдас) тұтынушылар алында үлкен борышты. Мұнда киімнің 24 түрі тігілуге болса, оның 10 түрі бойынша ғана жоспар орындалған. Өткен мерзім ішінде фабрика сауда жүйелеріне 1 миллион сомнан астам тігулі киімдерін кем берді. Бұл кәсіпорының басшылары жоспарды жалпы өнім шығарудан ғана орындауға ғана көңіл бөледі. Соның салдарынан мұнда өнім шығару жоспары белгіленген ассортимент бойынша мүлде қанағаттанғысыз орындалуда. 11 ай мерзімі ішінде фабрика 3 мың ерлер киетін костюмді, 6 мың балалар киімдерін, 2 мың әйел көйлегін, 3 мың фуфайканы жоспардан кем шығарды. Спирт комбинаты (директоры Захарченко жолдас) мен аяқкиім фабрикасы (директоры Гаев жолдас) және басқа да кәсіпорындары өнімді жоспардағыдан едәуір кем берді.

Көпшілік тұтынатын товарлардың мұншалықты кем өндірілуінің басты себебі—аталған кәсіпорындарының басшылары мен партия, кәсіподақ ұйымдары өнімді тұр-түрі бойынша және сапалы өндіру жолында жеткілікті күрес жүргізбейді. Бай техниканың қуаты толық пайдаланылмайды. Жаңалық табу, еңбектің прогрессивтік әдістерін өндіріске енгізу, озаттар тәжірибесін кеңінен насихаттап, көп-

сабанмен сыйырлар тәулігіне екі рет азықтандырылады.

Ленин ауданы, «Новый путь» колхозы.

Шошқа жақсы күтімде

Петропавл ауданы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде шошқа шаруашылығы жылдан-жылға өркендеп келеді. Өткен жылы мұнда шошқа өсіру жоспары артығымен орындалған еді. Быйыл да шошқа ойдағыдай өсіріліп келеді.

Шошқаның көбеюіне байланысты жанадан 200 бастық бір қора салынды. Кө-

зір фермада үш қора электр жарығымен жабдықталды.

Шошқаларды қыс айларында бағып, күту ісі ойдағыдай ұйымдастырылды. Шошқа күтушілер бұдан былай да табыстарға жете беру жолында аянбай еңбек етіп жүр. Олар шошқалардың уақытында азықтандырылуына, суарылуына жете назар аударады.

В. АРТЕМЬЕВ.

Мал азығы ұқыпты жұмсалуда

Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» колхозының мүшелері мал шаруашылығын шаруашылықтың өнімді саласына айналдыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Мұнда мал қыстату маусымы алғашқы күндерден бастап ұйымшылдықпен өткізілуде. Қоғамдық мал жемшөп қорымен, жайлы қоралармен қамтамасыз етілген.

Дайындалған мал азығын қоралар жаңына тасуда 15 пар көлік және екі трактор жұмыс істейді. Бұлармен аз күн ішінде 11.300 центнерден астам жемшөп тасылып алынды.

Қоғамдық мал белгіленген норма бойынша азықтандырылады

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

шіліктің игілігіне айналдыру, сөйтіп, өнім шығару жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша толық орындау ісіне жете көңіл бөлінбейді.

Еңбекшілерді өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен мол қамтамасыз етуде жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарының зор ролы атқаратындығы мәлім. Алайда, облыстың көптеген өндіріс комбинаттары мен кәсіпшілік артельдері көпшілік тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларын шығару жөнінде белгіленген тапсырманы толық орындай алмай келеді.

Ол-олма, мұндай кәсіпорындары жүйесінде менгерілген бұйымдарды шығару жөніндегі жоспардың орындалуының өзі де мәз болмай отыр. Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемелері жүйесінде өткен мерзім ішінде мың парға жуық былғары аяқкиімдері, 2.400 пар жүннен жасалған аяқкиім, 10 мың дана ыдыс-аяқ, 500.000 кіріш кем шығарылды. Сол сыяқты, облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты артельдерде 15 мың пар жүннен жасалған аяқкиім, 5 мың тонна қатты былғары товарлары, 65 мың тонна ақ және басқа да товарлар жоспардан кем өндірілді.

Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемелерінде, сондай-ақ, облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты көптеген артельдерде жергілікті шикізат пен материалдарды пайдалану ісі өте-мөте нашар. Ал, бұл жағдай көпшілік тұтынатын товарлар өндіру ісін ұлғайтуға, оның сапасын жақсартуға үлкен нұқсан келтіруде.

Бірқатар кәсіпорындарында өнімнің сапасына бақылау жасау ісі өте қанағаттанғысыз. Әрбір операция бойынша тыңғылықты бақылау жүргізілмегендіктен өнімнен көптеген ақаулар жіберіледі. Шошқа күй-таразы заводында, аяқкиім, тігін фабрикалары мен бірнеше өндіріс комбинаттарында, кәсіпшілік артельдерінде де өнімде көптеген ақаулар жіберіледі.

«1 май», «Қазақстанның 15 жылдығы», «Ишим», Булаев өндіріс комбинатында өнімнің сыртқы әдемілігі нашар.

Бұларда киімдер көбінесе ескі әдістермен тігіледі. Қаладағы Сталин атындағы көпшілік артелінде өнімнің сапасы, сыртқы әдемілігі тұтынушылардың тілегін көп реттерде қанағаттандырмайды. Мұнда барлық шығарылған өнімнің 60 проценті екінші және үшінші сортқа жатады. Қалалық өндіріс комбинаты былғары аяқкиімдерін үнемі бір үлгімен шығарып жүр. Оның үстіне аяқкиімдердің сыртқы әдемілігі мүлде нашар.

Кәсіпшілік артельдері мен өндіріс комбинаттарында өнімнің сапасыз өндірілуінің негізгі себебі—өндіріс процестеріне жеткілікті бақылау жасалмайды.

Халық тұтынатын товарларды өндіру жөнінде облыс өнеркәсіп орындары коллективтерінің алдында аса зор міндеттер тұр. Облыс өнеркәсіп орындары халық тұтынатын товарларды 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда 72 процент көп өндіруге тиіс. Ал, 1956 жылы ол 1950 жылғыдан екі есе дерлік артық шығарылады. Бұл міндетті өнеркәсіп орындарының жұмысын шұғыл жақсартпайынша ойдағыдай жүзеге асыруға болмайды. Сондықтан өнеркәсіп орындарының басшылары өндірісті дұрыс ұйымдастыру, технологиялық процестерді үздіксіз жетілдіру арқылы еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын мықтап кемітуге жетісулері керек.

Халық тұтынатын товарлар молшылығын жасау, тұтынушылардың өскелең қажетін қанағаттандыру жөнінде алға қойылған күрделі міндеттерді ойдағыдай орындауға облыс кәсіпорындары коллективтерінің мүмкіншіліктері толық жеткілікті. Кәсіпорындарының басшылары мен партия ұйымдары халық тұтынатын товарларды өндіруге осы күш-мүмкіншіліктердің сарқа пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

А. ЧЕРНЫШОВ.

ҚКП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі менгерушісінің орыбасары.

С О В Е Т Қ Ұ Р Ы Л Ы С Ы

Депутаттар—бұқараның жетекшісі

Бугровой селолық Советінің соңғы сессияларының бірінде Молотов атындағы колхозда мал қыстату маусымын өткізу жөніндегі шаралар туралы мәселе талқыланды. Сессияға әзірлік тынғылықты жүргізді. Селолық Советтің депутаттары мен активистері фермалардағы жағдайларды терең танысып білді. Олар мәселені әзірлеуге зоотехниктерді де қатыстырды. Мәселен, депутаттар сауыншы Зоя Попова және МТС-тің электр қуатымен болат балқытушысы Михаил Васильев жолдастар сауылған сүттің есебін, малды азықтандырудың, мал қораларының жайын тексерді. Бұларға істің жайын терең білу жөнінде колхозға бекітілген зоотехник Зинаида Елпашова көмек көрсетті. Рас, колхоздың барлық 5 фермаларында да жұмыстың жайы жаман емес еді: мал азығы жеткілікті дайындалған, мал қоралары ұқыпты жөнделген, қоралар жарық, жайлы. Дегенмен сессияға әзірліктің барысында, малды қолда куту жұмысын ұйымдастыру ісінде бірқатар кемшіліктердің беті ашылды. Бұл деректерінде көтерілген мәселе.

Депутат Васильев және зоотехник Елпашова малға жеміштің өлшенбей берілетіні үшін, малға беретін тұздың жоқтығы үшін колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Богданов, сыйыр фермасының меңгерушісі Чубовский жолдастарды қатты сынады. Олар малды, әресе, сауын сыйырларды тек пішінен азықтандыру жеткілігіз екенін малға азықты өңдеп, булап берудің қажет екендігін айтты. Бұл малдың өнімділігін арттырады. Депутаттар профилактикалық жұмысты жеткіліксіз жүргізіп отырған мал дәрігері Плехановты сынга алды.

Сонымен қатар, депутаттар селоньң мәдени ошағы мал өсірушілерге қалай көмектесіп отыр деген мәселе қойды. «Сауыншылар, басқа да мал өсірушілер бос уақыттарында мәдениетті тынығу үшін, олардың оқуы үшін, — деді депутаттар, — фермаларда жақсы жабдықталған қызыл мүйістер ұйымдастыратын уақыт жетті».

Депутаттардың бағалы ұсыныстарының бәрі сессияның қаулысына жазылды, белгіленген шараларды жүзеге асырушылар атап көрсетілді.

Сессиядан кейін фермаларда істің жайы жақсара түсті. Зоотехник Елпашова жолдас мал өсірушілердің жұмыс күні тәртібін белгіледі. Бұл тәртіпті мал өсірушілер қатаң сақтайтын болды. Мал азығын ұқыпсыз жұмсау, малды куту ережесін бұрмалау фактілері жойылды. Социалистік жарыс кезінен өріс алды. Сауыншылардың арасында депутат Зоя Попова алда келеді. Ол өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 1700 литрден астам сүт сауды. Осы сияқты, бұзау кутуде Мария Тихонова, Анна Мингалева және басқалары жақсы нәтижелерге ие болды.

наулы үйлер бөлді. Бұл үйлерді селолық клуб пен кітапхананың қызметшілері Абдеева және Полекова жолдастар планкәттармен ұрандармен түзгендіріп, еліміздің озат мал өсірушілері туралы жазылған кітаптар мен кітапшаларды әкелді. Колхоз басқармасы кейбір фермалар үшін радиоқабылдағыштар сатып алып, қызыл мүйістерде мал өсірушілердің радио хабарларын тыңдауын қамтамасыз етті. Сөйтіп, қызыл мүйістер колхоз мал өсірушілерінің демалатын сүйікті орнына айналды. Кешкі уақытта радио хабарларын тыңдау кітап, газет және журнал оқу үшін немесе, өзара пікір алғысу үшін қызыл мүйіске келіп отырған мал өсірушілерді көптеп көресіз. Мұнда үгітшілер дауыстап газет оқыйды, әңгімелер өткізеді, кинофильмдер көрсетіледі. Көрсеткіш тақтасына сауыншылардың жұмыс нәтижелері күн сайын жазылып отырылады.

Қызыл мүйістерде зоотехникалық үйірмелердің сабағы өтеді. Бұл үйірмелердің құрамында 25 адам оқыйды. Оқытушы — зоотехник Елпашова жолдас төрт тақырып бойынша сабақ өткізді.

Бугровой селолық Советі және оның депутаттары еңбекшілерді село өмірінің таңбасы мәселелерін шешуге ұйымдастырушы болып келеді. Село тұрмысының ірқатар мәселелері сессияларда талқыланады.

Быйыл қоғамдық мекемелердің үйлеріне түрдегі жөндеу жүргізіліп, олардың төңірегін қоршады. Селолық Советтің атқомінінің председателі Чипига, депутаттар Шипацкий, Криворучко және басқалары жеке үй салушыларға зор көмек көрсетті. Бұлар үшін колхоз басқармасы ағаш шеберлерін бөлді. Жаңа жылды колхозшы Алексей Гарман, Александр Гришин, қарт колхозшы Айна Оразбаева, Мария Женжада және басқаларының семьялары өздерінің быйыл салынған жаңа үйлерінде қарсы алады. Селоньң көшелерінде осындай жаңадан салынған 40 тан астам жаңа үйлер ерекше көзге түседі.

Бугровой селосына келген мамандар зор қамқорлыққа бөленген. Селолық Совет Ново-Георгиев МТС-і дирекциясымен бірлесе отырып, мамандар үшін таңдаулы үйлер бөлді. Кәзір барлық мамандар пәтер үймен қамтамасыз етілген.

Селолық Советтің депутаттары аурухана үшін кеңейту жөнінде игілікті істер істеді. Мұнан екі жыл бұрын аурухана кішкене ғана екі бөлмесі бар үйде болатын. Депутаттардың инициативасы бойынша аурухананың үйіне күрделі жөндеу жүргізіліп, оның ауданы кеңейтілді, бөлмелері сырланды. Кәзір бұл ауруханада 14 адамдық төсек орын, акушерлік бөлме және басқа бөлмелер бар. Аурухана үйінің төңірегіне екпе ағаштар отырғызылған. Ауруханада бір дәрігер, үш фельдшер, бір акушерка жұмыс істейді.

білген шаралар толық жүзеге асырылып келеді. Бугровойлықтардың кәзіргі ойы мектеп үйін кеңейтіп, оны онжылдыққа айналдыру.

— Келесі жылы бұл мәселені міндетті түрде шешеміз, — дейді депутаттар. — Бізге онжылдық мектеп өте қажет.

Селолық Совет сессиясының қаулысын орындай отырып, Бугровой селолық тұтынушылар қоғамының басқармасы қойма үйін жаңадан салды. Көпшілік тұтынатын товарларды үнемі сату үшін арнаулы қызметкерлерінің алдына қоятын талабы да күшейе түсуде.

Алайда, облысымыздың киноландыру орындары, әресе, жылжымалы кинолардың қызметкерлері ауыл-село еңбекшілерінің кино көру жөніндегі орынды тілегін ойдағыдай өтей алмай келеді. Мұны редакцияға күнбе-күн түсіп жатқан тілші хаттарынан айқын көруге болады.

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының мүшелері, — деп жазады осы ауданнан А. Бсқақов жолдас, — соңғы жылдарда жаңа ағаш үйлер салып алды. Колхозда көптеген жаңа құрылыстар салынып, пайдалануға берілді. Колхозшылардың мәдени тілегі де арта түсіп отыр. Олар жаңа шыққан советтік кинофильмдерді үнемі көріп отыруға құштар. Бірақ, аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері колхозшылардың бұл тілегін тыңғылықты орындай алмай отыр. «Еркіндік» колхозына жоспар бойынша айына екі рет кино келу орнына 3—4 айда бір-ақ келеді.

Осы аудандағы тілші С. Мұхамбетов жолдас редакцияға, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері үстіміздегі жылдың август айынан бері кино көре алмай отыр, деп жазды. Аудандық мәдениет бөлімінің басшылары тарапынан бақылаудың нашарлығын пайдаланып, жылжымалы кинолардың механиктері маршрут бойынша жұмыс істеу орнына, барғысы келген колхозға барып, барғысы келмеген колхозға бармайды.

Ленин ауданының мектеп оқушылары Қ. Жұмағалиев, Р. Аманжолова Қара

Кітапхана селолық Советтің үйіне орналасқан. Оның кітап оқушыларының саны быйыл 350 адамға жетті. Кітапхана меңгерушісі Валентина Авдеева кітап оқушылардың пікір алғысу кеңестерін ұйымдастырып отырады.

Дегенмен айта кету қажет, кітапхана мен клуб мәдени бұқаралық жұмыстың түрлерін кеңінен өрістету үшін селодағы зор мүмкіншілікті әлі де болса толық пайдаланып келеді. Мұнда село интеллигенттерінің үлкен армиясы: ауылшаруашылық мамандарынан 18 адам, 10 оқытушы, 5 медицина қызметкері, радиотехниктер бар. Бұлар мәдени-ағарту жұмысына толық қамтылып отыр. Селолық Совет депутаттарының алдағы уақытта баса көңіл аударатын мәселелерінің бірі, міне, осы. Сонымен қатар селолық Советтің атқомі депутаттар мен активтердің назарына село еңбекшілерінің бәрінің үйінде де радиоточкалардың болуына аударуы керек.

Кинофильмдер көрсету ісіндегі кемшіліктер тез жойылсын

(Тілші хаттарына шолу)

Үкметіміз бен партиямыздың ауыл шаруашылығын өркендетуге, колхозшылардың әл-ауқат және мәдени дәрежесін жақсартуға бағытталған қаулы-қарарларының мүлтіксіз жүзеге асырылуы нәтижесінде колхоздар ұйымдық шаруашылық жағынан нығайып, колхозшы шаруалардың мәдени-тұрмыс дәрежесі күннен-күнге жақсарып келеді. Осыған байланысты олардың мәдени-ағарту мекемелері мен киноландыру орындары қызметкерлерінің алдына қоятын талабы да күшейе түсуде.

Алайда, облысымыздың киноландыру орындары, әресе, жылжымалы кинолардың қызметкерлері ауыл-село еңбекшілерінің кино көру жөніндегі орынды тілегін ойдағыдай өтей алмай келеді. Мұны редакцияға күнбе-күн түсіп жатқан тілші хаттарынан айқын көруге болады.

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының мүшелері, — деп жазады осы ауданнан А. Бсқақов жолдас, — соңғы жылдарда жаңа ағаш үйлер салып алды. Колхозда көптеген жаңа құрылыстар салынып, пайдалануға берілді. Колхозшылардың мәдени тілегі де арта түсіп отыр. Олар жаңа шыққан советтік кинофильмдерді үнемі көріп отыруға құштар. Бірақ, аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері колхозшылардың бұл тілегін тыңғылықты орындай алмай отыр. «Еркіндік» колхозына жоспар бойынша айына екі рет кино келу орнына 3—4 айда бір-ақ келеді.

Осы аудандағы тілші С. Мұхамбетов жолдас редакцияға, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері үстіміздегі жылдың август айынан бері кино көре алмай отыр, деп жазды. Аудандық мәдениет бөлімінің басшылары тарапынан бақылаудың нашарлығын пайдаланып, жылжымалы кинолардың механиктері маршрут бойынша жұмыс істеу орнына, барғысы келген колхозға барып, барғысы келмеген колхозға бармайды.

Ленин ауданының мектеп оқушылары Қ. Жұмағалиев, Р. Аманжолова Қара

НАГРАДТАЛҒАН ОҚЫТУШЫЛАР

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көп жылдар бойы мінсіз қызмет еткені үшін Омск темір жол бойындағы мектептердің біртөп оқытушылары ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Петропавл станциясындағы мектептерде жұмыс істейтін 6 оқытушы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 4 оқытушы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды.

ғаш, Бұлақ мектептерінің оқушылары кино көруге ынтық екендігін, бірақ, киноландыру орындарының аталған мектептерге оқушылардың сүйсініп көретін кинофильмдерін үнемі жіберіп тұруды ескермей отырғандығын хабарлады.

— Октябрь ауданында да жылжымалы кинолардың жұмысы әлі күнге жолға қойылмай отыр. Ленин атындағы колхозға кино өте сирек келеді. Колхозға келген кинофильмдердің өзін киномеханиктер уақытында дұрыс көрсетпейді. Жуырда колхозға келген жылжымалы киноның механигі «Любовь Яровая» фильмінің бірінші бөлімін мүлде көрсетпейді, фильмінің дәл орта кезіне жеткенде движок моторы тоқтап қалды, сөйтіп, кешкі сағат 9-да басталған кино түнгі сағат 12-де бір-ақ аяқталды. Ал, бұл сияқты кемшіліктер кино-механиктердің жұмысында жиі кездеседі, — деп жазды осы ауданнан Т. Салықов және Б. Ыбыраев жолдастар.

Е. Оразақов жолдастың редакцияға жазған хатынан осы аудандағы «Балуан» колхозына да жылжымалы кино жыл тәулігінде бір рет қана келетіндігін көруге болады.

— Соңғы кезде бірнеше советтік жаңа кинофильмдер жасалып шыққандығын естіп жүрміз, — деп жазады Булаев ауданындағы ауылдық тілші М. Зағыпаров жолдас. — Бірақ, Сталин атындағы колхозға жылжымалы кинолар 4-5 айда бір келгендіктен колхозшылар бұл фильмдерді көре алмайды. 4-5 айда бір келген жылжымалы кинолардың өзі дұрыс көрсетілмейді.

Редакцияға түскен бұл сияқты хаттарда ауылдық тілшілеріміз бен оқушылар кино көрсету ісінде болып келген кемшіліктерді айта келіп, бұл кемшіліктерді дереу жою, ауыл-село еңбекшілерін киномен қамтуды жақсарту жөнінде аудандық мәдениет бөлімдері мен облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі алдына қатты талап қояды. Бұл өте орынды талап.

Ченко Еңбек Қызыл Ту орденімен, № 47 жетіжылдық мектептің оқытушысы Антонина Яковлевна Гилярова, № 46 мектептің оқытушысы Клавдия Николаевна Иванова және басқалары «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Петропавл станциясындағы мектептерде жұмыс істейтін 6 оқытушы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 4 оқытушы «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Дәрігерлік көмек нашар

Октябрь ауданы, Семиполка селосындағы дәрігерлік кабинетінің жұмысы нашар.

сақтау бөліміне әбден мәлім бола тұрса да, дәрігерлік көмек нашар.

ИНДИЯ КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫ

ДЕЛИ, 28 декабрь. (СОТА). Кеше Мадуре қаласында Индия Коммунистік партиясының үшінші съезі ашылды.

Астана газеттерінің хабарына қарағанда, Мадуреде съезд ашылудан көп бұрын театр үйіне қаланың мыңдаған еңбекшілері жыйналған. Индияның барлық түпкірлерінен келген съезд делегаттарының көрінуін еңбекшілер ду қолшалақтаумен және Индия Коммунистік партиясының құрметіне құттықтаулар айтумен қарсы алған.

Съездің ашылуы Индия Компартиясының туын көтерумен басталған.

Съезге қонақтар — туысқан Компартиялардың өкілдері: Великобритания Компартиясының бас секретары Гарри Поллит және Цейлон Компартиясының екі өкілі қатысуда.

Съездің бірінші күнінің жұмысы съезді басқару мәселелерімен және күн тәртібін бекітуге арналды. Мұнан кейін съезд соңғы үш жылдың ішіндегі партияның жұмысына талдау жасап, Индия Компартиясының жұмысындағы кемшіліктерді түзетудің жолдарын белгілейтін Орталық Комитеттің баяндамасын талқылайды.

ФРАНЦИЯ ШАРУАЛАРЫ БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН КҮРЕСТЕ

ПАРИЖ, 28 декабрь. (СОТА). Кеше Жер және Шаранта департаменттерінде бейбітшілік пен ауыл шаруашылығын қорғаудың шаруалар съезі болды. Париж коммунасында болған Жер департаментінің шаруалар съезі өртүрлі саяси қарастардағы 160 шаруалар басшыларының талаптары бойынша шақырылған. Съездің жұмысына көптеген коммуналардың бастықтары, бейбітші және ауыл шаруашылығын қорғау департаменттік комитетінің басшылары, өткен соғысқа және қарсылық көрсету қозғалысына қатынасшылар, жастардың және басқа ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жер департаментінің бейбітшілікті және ауыл шаруашылығын қорғау комитетінің секретары Тунаг өзінің сөзінде француз шаруаларының қайыршылық тұрмысы туралы айтты. Ауылшаруашылық азық-түліктеріне түсіп отырған салық ауырпалығының салдары шаруалар азық-түліктерді қала еңбекшілерінің сатып алуына мүмкіншілігі жоқ қымбат бағалар бойынша сатуға мәжбүр болып отыр. Шешен бұл жағдай жанталаса қарулану саясатының салдары екендігін баса көрсете келіп, француз шаруаларын осы саясатқа қарсы күресуге шақырды.

Жер департаментінің бұрынғы префекті Сари, коммуналардың бастықтары Лаффитт, Гомез және басқа шешендер батыс герман тек алушыларын қаруландыру саясатынан бастартудың қажеттігін баса көрсетіп, жыйналғандарды Бонн және Париж договорларын ратификациялауға қарсы күресуге шақырды.

Шаранта департаментіндегі шаруалардың Ангулеме қаласында болған съезі

Молотов атындағы колхоздың председатели, депутат Василий Шипацкий мал фермаларында қызыл мүйістер үшін ар-

Жетіжылдық мектеп жаңа оқу жылына үлгілі әзірлікпен кірісті. Мектеп мәселесі селолық Советте жиі талқыланады. Бел-

жетекшісі бола береді.
Полудень ауданы.

А. СӘБИЕВ.

СӨЗІОО

Паровозшылардың демалыс үйінде

Петропавл паровозшылар бригадасының демалыс үйі тәулік бойы кісіден бір арылмайды. Онда сменалық жұмысын бітіріп қайтқан паровозшылар демалады. Бұған жалғыз Петропавл паровозшылары ғана емес, басқа станциялардың паровозшылары да келіп тынығады. Демалыс үйі паровозшылар қай мезгілде келсін таза, жылы, жарық күйінде тұрады. Олар әрқашан жақсы тынығып, бұл үйдің «иелеріне» риза болып кетіседі деу асыра айтқандық болмас еді.

Міне, біз паровозшылардың осы қонақ үйінде тұрмыз. Паровозшылар бригадалары кезекті сапарларын аяқтап, бірінен соң бірі демалыс үйіне келіп жатыр. Ал

екінші бір бригадалар қонақ үйде тынығып, жаңа сапарға аттануда.

—Сәтті сапардан кейін жақсылап тынығып алайық. —дейді Тайынша паровоз депосының көчегарі Севаков жолдас.

— Тынық, ұйықта, —дейді оған демалыс үйінің кезекшісі Захарова жылы жүзбен.

Бұл кезде тынығуға келгендер біраз оқу залында кітап пен газет, журналдар оқуға, шахмат, дойбы ойнауға кіріскен еді. Севаков та келген сайын оқу залына бармай шықпайтын. Жұмыс киімін шешіп, жуынғаннан кейін ол әдеттегіне оқу залына барды. Жолдастарымен бірге, жаңа алынған газет, журналдарды оқыды,

қызық шахмат, дойбы ойындарын ойнады, коллективті түрде радио тыңдады.

Болат магистральдің шеберлері сапардан қайтқаннан кейін күн сайын мәдениетті демалады. Оқу залы жұмыс істейді. Одан паровозшылар қалаған кітаптары мен газет, журналдарын алып оқыйды.

Паровозшыларға демалыс үйінің кезекшілері Захарова, Сабабина жолдастар сый- құрмет көрсетеді. Паровозшылардың жақсы тынығып, олардың келесі сапарға мезгілімен аттануына бұлардың қосқан үлесі аз емес. Осындай игілі істері арқасында олар паровозшылардың айырықша құрметіне ие болуда.

Ж. АЙСАНОВ.

Румын халқының тарихи жеңісі

Бүгін румын халқы өз елінің тарихындағы даңқты мерекені атап өтуде. 1947 жылы 30 декабрьде Румын Халық Республикасы құрылды.

Бұл тарихи шара елді Совет Армиясы азат еткен күннен бастап ел ішінде жүргізілген терең саяси және экономикалық өзгерістердің нәтижесі болды, румын пролетариаты мен оның одақтасы —еңбекші шаруалардың —қанаушы таптарды батыл жеңуінің нәтижесі болды.

Румыния Халық Республикасы болып жарияланған күннен бері өткен алты жыл жаңа тұрмыс орнатып жатқан еркін халықтың жемісті еңбек етуінің жылдары болды. Бұл жылдардың ішінде елдің еңбекшілері өздерінің жұмысшы партиясының басшылығымен зор табыстарға жетті.

Өнеркәсіпті, транспортты, банктерді және сақтық қоғамдарын национализациялау, сол сияқты, сыртқы және ішкі сауданы мемлекеттің қолына беру румын халқының негізгі экономикалық тұтқаларды өз қолына алуына және халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін елдің бүкіл экономикасын социалистік жолмен қайта құру үшін керекті экономикалық және саяси алғышарттар жасауына мүмкіндік берді. 1949 және 1950 жылдардың тұңғыш халық шаруашылық жоспарларын ойдағыдай орындап, Румынияның еңбекшілері социализмнің экономикалық негіздерін салудың бесжылдық жоспарын жүзеге асыруға кірісті, осының нәтижесінде Румыния өркендеген социалистік өнеркәсібі және механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар елге айналуда тиіс.

Осы өте маңызды міндетті орындай отырып, республиканың еңбекшілері ауыр өнеркәсіпті, бәрінен бұрын, бүкіл халық шаруашылығын социалистік жолмен қай-

та құрудың негізі болып табылатын машина жасау өнеркәсібін өркендетуде.

Буржуазиялық- помещиктік Румынияда ауылшаруашылық машиналарын жасау өндірісі жалпы алғанда мүлдем болған жоқ, халық шаруашылығының жетекші саласы —мұнай өнеркәсібі үшін құрал-жабдық өндірілген жоқ. Барлық керекті машиналар мен механизмдердің 99 проценті мұнда шетелдерден әкелініп тұрды. Көзір Румынияда тракторлар, комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналары жасап шығарылатыны былай тұрсын, мұнай өнеркәсібіне керекті құрал-жабдық, металл өңдейтін станоктар, жүз автомобильдері, өзен және теңіз кемелері және халық шаруашылығы үшін керекті басқа да көптеген құрал- жабдық жасалып шығарылады. Шойын мен болаттың өндірілуі, мұнайдың, таскөмірдің, темір рудасының шығарылуы жылдан- жылға артауда.

Румынияның мұнай өнеркәсібі айырықша шапшаң қарқынмен өркендеуде. Өткен жылдың аяқ шенінде Румынияда 9,3 миллион тоннадай мұнай өндірілді, бұл —буржуазиялық-помещиктік құрылыс тұсында ең көп өндірілген мөлшерінен едәуір артық.

Көпшілік тұтынатын заттар өндіруші өнеркәсіп барған сайын үлкен табыстарға жетуде. 1952 жылы ел ішінде 1938 жылғымен салыстырғанда мақта- маталары — 90, жүн маталары —110, былғары аяқ-кіім —167 процент артық жасап шығарылды. Тұтас алғанда халық өкметі орнағаннан бергі жылдардың ішінде Румынияда өнеркәсіп өндірісінің көлемі капитализм тұсында қол жеткен ең жоғары дәрежеден анағұрлым асып түсті. 1938 жылмен салыстырғанда 1953 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,5 еседен аса, 1948 жылғымен салыстырғанда 3,5 есе артты.

Социалистік өнеркәсіптің тез өркендеуі ауыл шаруашылығындағы ғасырлар бойы келе жатқан мешеулікті жою үшін қолайлы жағдайлар жасады: ауыл шаруашылығында көзір жылдан- жылға социалистік сектор — мемлекеттік ауыл шаруашылықтары, МТС-тер, шаруалардың коллективтік ауыл шаруашылықтары және жерді бірлесіп өңдейтін серіктіктер нығайуда. Көзір Румынияда 2.000-дай коллективтік ауыл шаруашылықтары және жерді бірлесіп өңдейтін 2.000 серіктік бар. Алдыңғы қатарлы советтік агротехниканы қолдана отырып, румын шаруалары ауылшаруашылық дақылдарынан мөд өнім өсіруде, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда. Көп коллективтік шаруашылықтар мен жерді бірлесіп өңдейтін серіктіктердің егіс даласында бйылғы жылы бидайдың бір гектардан алынған орта өнімі буржуазиялық- помещиктік Румынияда шаруа шаруашылықтары алған өнімнен бірнеше есе асып түсті.

Коллективтік шаруашылықтарды ұйымдастыру —шаруашылық жағынан нығайтумен қатар, Румыния жұмысшы партиясы мен үкметі еңбекші жеке шаруалар шаруашылықтарының өнімділігін арттыруға зор көңіл бөледі. 1953 жылдан 1955 жылға дейін Румынияның ауыл шаруашылығына 6 миллиард лей шама-сында қаражат жұмсалды, бұл —1950—1952 жылдары жұмсалғанынан екі еседен аса артық.

Өнеркәсіп пен егіншілікті көзіргі замандағы ірі өндірістің жаңа техникалық бағасына бірте-бірте көшіруді қамтамасыз ету үшін, румын халқы өз елін электрлендірудің онжылдық жоспарын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Румын Халық Республикасының экономикасы қоғамның үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін ба-

даты дәрігерлік пункттің фельдшері Кононенко жолдас өз жұмысына өте жауапсыз қарайды. Мәселен, ол өзі дәрігерлік көмекпен қамтытып «Балуан» колхозына екі- үш айда бір-ақ рет келеді. Бұл жағдай аудандық денсаулық

«Бірлік» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) орталығында дәрігерлік пункт ашылғанына бйыл екінші жыл. Бірақ, колхоз басшыларының, сол сияқты, Бірлік ауылдық Советінің председатели Қымыранова жолдасының жауапсыздығынан бұл дәрігерлік пункттің ойдағыдай жұмыс істеуіне ешқандай жағдай

ҮНЕМІ ЖАБЫҚ ТҰРАДЫ

Октябрь совхозының орталығында кітапхана бар. Кітапханада орыс классиктерінің және совет ақын-жазушыларының кітаптары көп.

Бірақ, бұл кітапхана оқушылардың тілегіне сай жұмыс істей алмай отыр. Кітапхананың ашық тұрғанынан жабық тұрған уақыты көп. Кітапхана меңгеру-

да, денсаулық сақтау бөлімінің басшылары бұл іске ешқандай мән бермей отыр.

Дәрігерлік көмекпен қамту ісі қашан жақсарар екен?

М. БАЛАХМЕТОВ.

жасалмай отыр. Дәрігерлік пункттің жеке үйі жоқ. Дәрігерлік пункт орналасқан үйге оның қызметкерлері бірге орналасқан.

Фельдшерлерге жеке үй беріліп, дәрігерлік пункт дұрыс жұмыс істеуге міндетті.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

шісі Волошин жолдас кітапхана жұмысын жолға қоюдың орнына, уақытының көпшілігін қыдырумен өткізеді. Бұл жағдай совхоз партия ұйымына белгілі бола тұрса да, бұл сияқты елеулі мәселеге көңіл аудармай отыр.

Ж. ҚАУЕНОВ.

лемінен (ауыр өнеркәсіп үшін және басқа жұмыстар үшін бөлінетін қаражатты қысқарту есебінен) 5 миллиард лей қосымша қор бөліп шығару белгіленді. Бұл қор ауылшаруашылық өндірісін, көпшілік тұтынатын заттар өнеркәсібін, пәтер үй құрылысын өркендетуге және еңбекшілердің басқа да мұқтаждарын қанағаттандыруға арналады. Бесжылдықтың алғашына дейін мемлекет 50 мыңнан астам семья үшін пәтер үйлер салып, пайдалануға тапсырады, жаңа клубтар, мәдениет сарайларын, кино- театрлар, санитариялық, спорт мекемелерін салу жұмысы едәуір күшейтіледі.

Румын халқы өз елінің халықаралық беделін нығайтуда даңқты табыстарға жетті. Румынияның халықаралық капиталдың жартылай отары болған, оның байлықтарын шетел трестері мен монополиялары талан-таражға салған заман мәңгі келмеске кетті. Жаңа Румыния —шын мәнісінде тәуелсіз және суверенді мемлекет. Оның байлықтарына халық ие. Совет Одағы бастаған демократия мен социализмнің қуатты лагерінде берік орын ала отырып, Румыния бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатын айнымай жүргізуде, бейбітшілік жолында, барлық даулы мәселелерді келіссөздер жүргізу арқылы шешу жолында дәйекті түрде күресуде.

Румын Халық Республикасы өзінің өмір сүруінің жетінші жылына көшті және гүлденген мемлекет болып аяқ басып отыр. Өзінің творчестволық күштеріне толық сене отырып, өзінің сыналған партиясының басшылығына ере отырып, Совет Одағының достығына, қалтқысыз жәрдеміне, сол сияқты, басқа халықтық демократиялық республикалардың туысқандық қолдауына сүйене отырып, румын халқы социализм жолында сеніммен алға басуда.

А. МЕРКУЛОВ.

де «европалық армия» деп аталатын жасақтауға қарсы және үкмет саясатының француз ауыл шаруашылығын апатқа ұшыратуына қарсы күресу ұранымен өтті.

ФРАНЦИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 28 декабрь. (СОТА). Баспасөз хабары Париж вокзалдарының жанындағы және басқа қалалардағы почта бөлімдері қызметкерлері ереуілінің ұлғайып отырғандығын сыйпаттайды. Ереуілдің нәтижесінде поселкалар мен хат-хабарларды іріктеу, жөнелту тоқталған.

Посылкалар мен хат-хабарлар салынған қаптарды түсіру және іріктеу үшін өкмет орындары әскерлерді пайдалануда. Ереуілге почта автомашиналарының шоферлері де қосыла бастады. Қаладағы почта бөлімдерінің қызметкерлері вокзалдың почта қызметшілеріне тілектестік білдіруде.

Кеше Парижде ереуіл жасаушы — жаппай еңбек конфедерациясына және автономиялық кәсіподақтар құрамына кіретін почта қызметкерлері одағы мүшелерінің жаппай митингісі болған. Митингте ереуіл жасаушылардың талаптары қанағаттандырылғанға дейін күресің соза беру жөніндегі қарар бірауыздан қабылданған.

Он күн бойына ереуіл жасаған атоматтық авиацияның қызметкерлері өздерінің қойған талаптары толық қанағаттандырылуымен байланысты бүгін жұмысқа кіріскен. Олар жалақының арттырылуына және ереуіл күндеріне де ақы төлеттіруге жетіскен. Мұнымен қатар, ереуілге қатысқаны үшін оларға ешқандай жазалау шаралары қолданылмайтын болады.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6-8,20-10,40-те басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АРШИН МАЛ АЛАН»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Сельхозснабқа» бас бухгалтер және ревизор- бухгалтер КЕРЕП. Адрес: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 103-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.